



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (1)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (1)

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (1)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhы
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 1. Pp. 387–
399
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_1_387-399

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ: ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫНА ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ

Ғабит Қапезұлы Кенжебаев¹, Сабира Сабытханқызы Сайфулмаликова^{2*}

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
(13-үй, Достық даңғ., 480100 Алматы, Қазақстан Республикасы
Тарих және құқық факультетінің деканы, ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д.
<https://orcid.org/0000-0001-5341-5603> E-mail: kgabit62@mail.ru

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
(13-үй, Достық даңғ., 480100 Алматы, Қазақстан Республикасы
Тарих ғылымдарының докторы
<https://orcid.org/0000-0002-6470-4037> E-mail: Sabira_2023@bk

*Автор-корреспондент

© Ш.Ш.Уәлиханов ат. ТЭИ, 2026

© Кенжебаев Ғ.Қ., Сайфулмаликова С.С., 2026

Аңдатпа. *Кіріспе.* Мақала XIX-XX ғасырдың бас кезеңіндегі Бөкей Ордасындағы бастауыш білім берудің институционалдық, әлеуметтік және мәдени трансформациялану тарихын пәнаралық ұстаным тұрғысынан талдауға арналған. Қазан оқу округіне қараған локалды аймақтағы бастауыш білім беру жүйесін зерттеу, Батыс-Сібір, Орынбор, Түркістан оқу округтерімен салыстыра отырып талдау арқылы, тұтас білім беру жүйесінің экспериментін көрсетуге мүмкіндік беретіндіктен де өзекті. *Мақсаты мен міндеттері.* Зерттеудің мақсаты Ресей империясының мұсылмандық және зайырлы білім беру жүйесіне жүргізілген локалды аймақта эксперименті ретінде қарастыру. Осы мақсатқа жету үшін Ресей империясының Бөкей Ордасында ашқан бөлімшелік, старшиндық, бір, екі сыныптық училище, ауылдық мектеп, қыздар училищесі талданды. Мұсылмандық мектептердің ықпалын әлсіретуге бағытталған өзгерістер де көрсетілген. *Зерттеу әдістері.* Авторлар Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві, Татарстан Республикасының мемлекеттік архив қорынан алынған құжаттарға, мерзімдік баспасөз материалдарына салыстырмалы-тарихи, құрылымдық-функционалдық әдістер арқылы талдау жасаған. Зерттеуде тарих, әлеуметтану, педагогикалық талдауды біріктіретін пәнаралық тәсіл қолданылды. Бұл бастауыш білім беру жүйесін тек тарихи процесс ретінде ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі қоғамның трансформациясын көрсететін әлеуметтік құбылыс ретінде көрсетілген. *Зерттеу нәтижелері.* Ресей империясы бөлімшелік мектеп жүйесін тек Бөкей Ордасына ғана енгізді. Басқа аймақтарға енген ауылдық мектеп жүйесі Бөкей Ордасында старшиндық мектеп деген атаумен аталды. *Қорытынды.* Бөкей Ордасындағы бастауыш білім берудің бөлімшелік, старшиндық мектеп жүйесі экспериментінің

нәтижесіз аяқталуына байланысты, орыс емес халықтар арасында кеңінен тараған, бір сыныптық училищеге көшкендігі туралы қорытынды жасалынды. Қазақ қыздарына арналған мектеп ашу тарихы да Бөкей Ордасы аймағынан бастау алды. Бастауыш білім беру жүйесіндегі басқа аймақтардан тағы бір ерекшеліктері, кейбір бөлімшелік мектептерге православие компоненттерінің енгізілуі, қазақтардан попечительдердің тағайындалуы.

Түйін сөздер: Бөкей Ордасы, бөлімшелік мектептер, старшиндық мектептер, қыздар училищесі, оқу бағдарламасы.

Алғыс. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім Министрлігінің ЖТН АР 26105033 «XIX-XX ғасырлар тоғысында Қазақстандағы зайырлы тарихи мұсылмандық оқу орындарының қызметінің тарихын пәнаралық тұрғыда зерттеу (жаңа архивтік құжаттар негізінде)»

Дәйек үшін: Кенжебаев Ғ.Қ. Сайфулмаликова С.С. Бөкей Ордасындағы бастауыш білім беру: институционалдық, әлеуметтік және мәдени трансформациялануына пәнаралық талдау // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. 387–399-бб. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_387-399

НАЧАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В БУКЕЕВСКОЙ ОРДЕ: МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЙ АНАЛИЗ ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫХ, СОЦИАЛЬНЫХ И КУЛЬТУРНЫХ ТРАНСФОРМАЦИЙ

Габит Капезович Кенжебаев ¹, Сабира Сабытхановна Сайфулмаликова ^{2*}

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(д.13, проспект Достық, 480100 Алматы, Республики Казахстан)
Д.и.н., Академик НАН РК, декан факультета истории и права
<https://orcid.org/0000-0001-5341-5603> E-mail: kgabit62@mail.ru

²Казахский национальный педагогический университет имени Абай
(д.13, проспект Достық, 480100 Алматы, Республики Казахстан)
Доктор исторических наук
<https://orcid.org/0000-0002-6470-4037> E-mail: Sabira_2023@bk

* Автор-корреспондент

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Кенжебаев Г.К., Сайфулмаликова С.С., 2026

Аннотация. *Введение.* Статья посвящена междисциплинарному анализу истории институциональных, социальных и культурных преобразований начального образования в Букеевской Орде в XIX – начале XX вв. Изучение системы начального образования в локальном аспекте Казанского учебного округа считается актуальным, поскольку позволяет продемонстрировать эксперимент всей системы образования посредством сравнительного анализа с Западно-Сибирским, Оренбургским и Туркестанским учебными округами. *Цель и задачи.* Целью исследования является рассмотрение эксперимента Российской империи в локальном регионе, проводимого в системе мусульманского и светского образования. Для достижения этой цели были проанализированы участковые, старшинские, одноклассные, двухклассные училища, аульные школы, женское училище в Букеевской Орде Российской империей. Также были показаны усилия, направленные на ослабление влияния мусульманских школ. *Методы исследования.* Авторы проанализировали документы из Центрального архива Республики Казахстан, государственного архивного фонда Республики Татарстан, материалы периодической печати сравнительно-историческими и структурно-функциональными методами. В исследовании использовался междисциплинарный подход, сочетающий историю, социологию и педагогический анализ. Она показана не только как исторический процесс развития системы начального образования, но и как социальное явление, отражающее трансформацию традиционного общества. *Результаты исследования.* Российская империя ввела систему участковых школ только в Букеевской Орде. В других регионах открывшиеся «аульные школы» в Букеевской Орде получили название «старшинских школ». *Вывод.* В связи с малоэффективным завершением эксперимента участковых и старшинских школ начального образования Букеевской Орды было сформулировано заключение о целесообразности перехода к одноклассной школе, широко распространенной среди нерусских народов. История открытия школ

для казахских девочек также началась в Букеевской Орде. Еще одной особенностью системы начального образования по сравнению с другими регионами является внедрение православных элементов в некоторых школах, а также назначение из казахов попечителей.

Ключевые слова: Букеевская Орда, участковые школы, старшинские школы, женское училище, учебные программа.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта гранты финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан ИРН АР26105033 «Междисциплинарное исследование истории деятельности светских и мусульманских учебных заведений в Казахстане на рубеже XIX-XX веков (на основе архивных документов).

Для цитирования: Кенжебаев Г.К., Сайфулмаликова С.С. Начальное образование в Букеевской Орде: междисциплинарный анализ институциональных, социальных и культурных трансформаций // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. С. 387–399. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_387-399

PRIMARY EDUCATION IN THE BUKEYEV HORDE: AN INTERDISCIPLINARY ANALYSIS OF INSTITUTIONAL, SOCIAL AND CULTURAL TRANSFORMATIONS

Gabit Kapuzovich Kenzhebaev ¹, Sabira Sabytkhanovna Saifulmalikova ² *

¹Abai Kazakh National Pedagogical University (13, Dostyk ave., 480100 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Doctor of historical sciences, academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Dean of the faculty of history and law
<https://orcid.org/0000-0001-5341-5603> E-mail: kgabit62@mail.ru

²Abai Kazakh National Pedagogical University (13, Dostyk ave., 480100 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences
<https://orcid.org/0000-0002-6470-4037> . E-mail: Sabira_2023@bk

*Correspondent author

© Ch. Ch. Valikhanov IHE, 2026

© Kenzhebaev G.K., Saifulmalikova S.S., 2026

Abstract. Introduction. The article is devoted to an interdisciplinary analysis of the history of institutional, social and cultural transformations of primary education in the Bukeev Horde in the XIX and early XX centuries. The study of the primary education system in the local aspect of the Kazan Educational District is considered relevant, since it allows us to demonstrate the experiment of the entire education system through comparative analysis with the West Siberian, Orenburg and Turkestan educational districts. *Purpose and objectives.* The purpose of the study is to examine the experiment of the Russian Empire in the local region, conducted in the system of Muslim and secular education. To achieve this goal, district, senior, class, two-grade schools, village schools, and a women's college in the Bukeev Horde were analyzed by the Russian Empire. Efforts aimed at reducing the influence of Muslim schools were also shown. *Research methods.* The authors analyzed documents from the Central Archive of the Republic of Kazakhstan, the State Archival Fund of the Republic of Tatarstan, and periodical materials using comparative historical and structural-functional methods. The study used an interdisciplinary approach combining history, sociology and pedagogical analysis. It is shown not only as a historical process of development of the primary education system, but also as a social phenomenon reflecting the transformation of traditional society. *The results of the study.* The Russian Empire introduced a system of district schools only in the Bukeev Horde. In other regions, the newly opened "village schools" in the Bukeev Horde were called "senior schools." *Conclusion.* Due to the ineffective completion of the experiment of the district and senior schools of primary education of the Bukeev Horde, a conclusion was formulated on the expediency of switching to a one-class school, widespread among non-Russian peoples. The history of opening schools for Kazakh girls also began in the Bukeev Horde. Another feature of the primary education system in comparison with other regions is the introduction of Orthodox elements in some schools, as well as the appointment of Kazakh trustees.

Key words: Bukeevskaya Horde, district schools, eldership schools, girls school curriculum.

Acknowledgment. The article prepared as part of the of Kazakhstan Interdisciplinary study of the history of the activities of secular and Muslim educational institutions in Kazakhstan at the turn of the XIX-XX centuries (based on new archival documents) (Grant Registration NO AR 26105033)

For citation: Kenzhebaev G. K. Saifulmalikova S. S. Primary education in the Bukeyev Horde: an interdisciplinary analysis of institutional, social and cultural transformations // Otan Tarihy. 2026. Vol. 29. № 1. Pp. 387–399. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_387-399

Kіpіcne. Ресей империясының әрбір оқу округіндегі бастауыш білім берудің тарихын пәнаралық ұстаным тұрғысынан зерттеу қазіргі тарихшылардың алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі. Локальді аймақтағы бастауыш білім беру жүйесін талдау, XIX–XX ғасырдың бас кезеңіндегі Ресей империясының қазақ өлкесінің білім беру жүйесіне енгізген экспериментін, әлеуметтік және мәдени трансформация процессін зерттеуге мүмкіндік беретіндіктен де өзекті. Мақалада Қазан оқу округіне қараған Бөкей Ордасы аймағындағы бастауыш білім беру жүйесінің моделі қарастырылады.

1868 жылы қабылданған Уақытша Ережеге байланысты Бөкей Ордасы Торғай облыстық басқармасы, 1872 жылдан кейін Астрахан генерал-губернаторлығы құзырына қарады. 1874–1893 жылдарда аймақтағы білім беру жүйесі Орынбор оқу округіне, кейін Қазан оқу округіне бағындырылды. 1846–1874 жылдары Ордадағы барлық зайырлы мектептер Кеңеске, 1874 жылдан кейін Халық Ағарту министрлігіне қарады.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Бөкей Ордасында мұсылмандық мектеп, медреселер және 1841 жылы Жәңгір хан ашқан орысша-татарша білім беретін мектеп болды. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясы Қазан, Батыс Сібір, Орынбор, Түркістан оқу округтеріндегі бұратаналарға бастауыш білім беруде жаңа модельдерді енгізе бастады. Торғай облысында ауылдық, болыстық мектептер, Бөкей Ордасында бөлімшелік, старшиндық мектептер, бір сыныптық ер балалар училищесі, бір сыныптық қыздар училищесі, көшпелі ауылдық қыздар мектебі модельдерінің эксперименті енді. Мұсылмандық мектеп, медреселерінің ықпалын әлсірету мақсатында мешіттегі мектептерде орыс сыныптарын ашып, оларды өз бақылауына алды. Ресей империясы зайырлы және мұсылмандық білім беру жүйесіне өз экспериментін енгізе отырып, қазақ даласындағы орыс тілінің таралуына және империялық идеологияның үстемдік құруына барынша әрекет жасады.

Материалдар мен әдістер. Мақала архив деректері, зерттеулер мен мерзімдік баспасөз материалдарына негізделеді. Зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архив қорындағы Ішкі Орда қазақтарының халықтық училище инспекторының 59-қоры, Ішкі Орда қазақтарын басқарудың Уақытша Кеңесі 78-қоры, Орынбор қазақтарын басқарудың облыстық басқармасы 4-қорының, Татарстан Республиканың мемлекеттік архивінен Қазан оқу округі попечителі канцеляриясының іс-қағаздары 92-қорының құжаттары ғылыми айналымға түсті. Бұл қорлардан Ішкі Ордадағы оқу орындарының есептері, бөлімшелік, старшиндық мектептердің тарихи сипаттамасы, шәкірт, мұғалімдерге қатысты деректер, қазақ мектептері инспекторының есеп-хаттары, мектептерді ұстау шығынына қатысты құжаттарға салыстырмалы-тарихи талдау жасалды. Мерзімдік баспасөз материалдарынан Халық Ағарту министрлігінің журналы, Русская мысль, Астраханский листок сынды журналдарда жарияланған материалдар да қаралды. Басылым беттерінде жарияланған Н.И. Казанский [Казанский, 1898], А. Алекторовтың [Алекторов, 1904] мақалаларында Бөкей Ордасындағы бөлімшелік мектептердің жабылуының басты себептері нақтыланып көрсетілген.

Ішкі Ордадағы орыс-қазақ мектептерінің инспекторы қызметін атқарған А. Воскресенскийдің зерттеуінде мектептер тарихымен бірге кітапқа С.И. Климашевскаяның суреттері де енген [Воскресенский, 2001]. 1895 жылы С.И. Климашевская А.В. Воскресенскиймен бірге Бөкей Ордасын аралап, аймақтағы оқу орындарын суретке түсірді. Кітапта Торғын бөлімшелік, Хан Ордасындағы бір сыныптық училище, бірінші қыздар училищесі ғимараттарының суреттері жарияланған. И.С. Ивановтың еңбегінде Бөкей Ордасының саяси-экономикалық жағдайымен қоса халық ағарту ісінің дамуы да талданады. Автор Бөкей Ордасындағы халық ағарту ісінің тарих бастаулары мен дамуын үш кезеңге бөліп көрсетеді. 1 кезең: Орданың құрылған кезеңінен-1841 жылға дейінгі аралықтағы мұсылман мектептері. Екінші кезең: 1841 жылдың 6 желтоқсанынан – 1868 жылдың қазанына дейін, Хан Ордасындағы орыс-қазақ мектебінің ашылуы. 3 кезең: 1868 жылы бөлімшелік мектептердің ашылуымен орыс грамматикасының күшейген кезеңінің басталуы деп анықтайды [Иванов, 2001]. Жұмыс 1891 жылы жазылғандықтан, автор мектептер тарихын 1890 жылмен аяқтаған. 1910–1912 жылдардағы Бөкей Ордасындағы мектептердің тарихы диаграммалармен Ф.И. Пленкин зерттеуінде берілген [Пленкин, 1912]. Еңбекте училище, оның жанынан ашылған

интернат, шәкірттердің ұлттық, діни құрамы, қол еңбегі, ән, гимнастика сабақтарының жүргізілуі талданады. Автор Астрахан губерниясындағы білім беру жүйесін уездермен салыстыра отырып көрсетеді.

Кеңестік кезең тарихнамасындағы халық ағарту ісін алғашқы зерттегендердің бірі-Т. Тәжібаев болды [Тәжібаев, 1962]. Оның зерттеуінде XIX ғасырдың екінші жартысындағы Бөкей Ордасындағы мұсылмандық мектеп пен медресе, бөлімшелік мектеп, орыс-қазақ мектебі, старшиндық мектептердің тарихы және аймақтағы білім жүйесінің басқа аймақтардан өзгешелігі көрсетілген.

Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында Бөкей Ордасындағы білім беру жүйесіне арналған бірнеше автордың жұмыстары бар. А.А. Айтмухаметовтың мақаласында Бөкей Ордасындағы 1866 жылы ашылған бөлімшелік мектептердің тарихы және Орынбор генерал-губернаторы А.П. Безактың Жәңгір хан ашқан мектепті ауыстыруға қатысты ұсыныстары ғана көрсетілген [Айтмухаметов, 2000]. Автор бөлімшелік мектептердің бір жылдық кезеңін ғана талдаған. Ғ.А. Шотанова, Е.М. Ужкенов, Ә.А. Ермекбаевтың мақаласында Бөкей Ордасындағы мектептер жүйесі Петров қоғамының материалдары негізінде қарастырылған [Шотанова, 2020]. Авторлар жекелеген аймақтардағы халыққа білім беру ісінің әр түрлі себептермен нашар зерттелгенін дұрыс анықтай отырып, мақаланы Бөкей Ордасында ашылған мектептер жүйесін зерттеуге арнаған. Өкінішке орай, мақалада И.С. Ивановтың халық ағартуды бөлген үш кезең үлгісін сол қалпында алған. Мақала авторлары: 1) діни білім беруді XIX ғасырдың басынан – 1841 жылдың соңы; 2) Жәңгір хан мектебі 1841 жыл; 3) зайырлы білім беру (XX ғасырдың 60-жылдары) деп үш кезеңге бөліп көрсетеді [Шотанова, 2020: 279]. И.С. Ивановтың еңбегінде Бөкей Ордасындағы білім беру жүйесінің тарихы 1890 жылғы кезеңмен аяқталғандықтан, авторлардың неге жеке өзіндік тұжырым жасамағандығы жөнінде сұрақ туындайды.

А.Ш. Журасова, Д.С. Муталованың мақаласы да Бөкей Ордасындағы білім беру ісінің тарихына арналған [Журасова, 2022]. Авторлар 1841 жылы орыс тілінде білім беретін алғашқы мектеп, кейін 9 жылдан соң хан Ставкасында екінші мектеп ашылды деп көрсетіп, Ы. Алтынсарин білім алған мектеп тарихын талдайды. 1850 жылы Орынбор Шекара комиссиясы жанынан ашылған мектептің Орынбор қаласында құрылғандығы және мектептің Бөкей Ордасына ешқандай қатысы жоқ екенін, авторлар ескермеген болу керек.

Жұмысты зерттеудің әдіснамалық негізі тарихи институционализм, әлеуметтік тарих пен мәдени антропология принциптеріне негізделген пәнаралық ұстаным тұрғысынан жазылды. Мектепті әлеуметтік құрылымның негізгі элементі ретінде қарастыра отырып, шәкірттердің әлеуметтік құрамына, мәдени трансформациялану үрдісіне, оқу практикасына ерекше көңіл бөлінді. Жұмысты талдап жазуда салыстырмалы-тарихи, құрылымдық-функционалды әдістерге сүйендік.

Нәтижелер. Қазақстан тарихнамасында Бөкей Ордасындағы білім беру ісінің қалыптасу тарихын 1841 жылы Жәңгір ашқан орыс-қазақ мектебінің іргесі қалану кезеңімен байланыстырады. Архив деректері Жәңгір ханның орыс-қазақ мектебін ашқанға дейін, Ордадағы мұсылмандық мектептердің құрылуына ықпал жасағандығын дәлелдейді. 1887 жылғы есепке сүйенсек Қамыс-Самар бөлігінде 21 медресе болған. Бұл медреселердің кейбірі Жәңгір хан бастауымен және Орынбор мұсылмандар Діни басқармасынан күәлік алған молдалардың бастауымен ашылған [ҚР ОМА. 78-қ. 2-т. 5040-іс, 57-п.]. Нарын бөлігінде Жәңгір хан нұсқауымен Бекетай құмы, Жиделіде де мектептер ашылған [ҚР ОМА. 78-қ. 2-т. 5040-іс, 56-п.].

Жәңгір хан мұсылмандық мектептердің ашылуын қолдаумен бірге, 1841 жылы Бөкей Ордасында орысша-татарша білім беретін мектепті өзі ашып қаржыландырды, мектептің жылуы, жарығы, шәкірттердің тамағы да ханның мойнында болды [История Букеевского ханства, 2002: 720]. Училищенің алғашқы мұғалімі мал дәрігері Ольдекоп орыс тілі, орыс грамматикасы, арифметка, география мен тарихтың бастамасы, ал молда Садратдин мұсылман дінінің заңдары мен ережелерін және татар, араб, парсы тілдерін оқытты [История Букеевского ханства, 2002: 707]. Училище орыс, татар сыныптарынан тұрды, бірінші сыныпқа 13 шәкірт, екінші сыныпқа – 12 шәкірт қабылданды, шәкірттердің 7-уі, мектеп жанындағы үйде тұрса, қалған 18 шәкірт өзі үйінен қатынап оқыған. 1842 жылы наурызда бала саны 30-ға жетті, шәкірттердің жасының ең үлкені 22 жаста, екі кішісі – 9 жаста болатын [Алекторов, 1904: 31].

1844-1845 жылдары училищеде оқығандар қатарында Жәңгір ханның үш баласы Ибрагим, Исмайыл, Ахмед-Керей болды. Бірінші сыныптағы училище пансионында жатып оқитындар қатарында сұлтан отбасынан Мұхамед Бажаков, Ерғали Шынғалиев, Берғали Жарасов, Ханғали Бесжанов, Абылаев, қожа отбасынан Мұхамед-Салық Бабажанов, старшин отбасынан Мырзағали Ақболатов, Мұхамед-Кәрім Жұлғытов, Жүніс Саламатов, Дияр Жұлғытов, Мұхамед-Шах

Байтүменов, Аманғали Құдайбергенов, Есмұхамед Келжебаев, Досмұхамед Келжебаев, Нұрмұхаммед Шокеев, кеңесші отбасынан Қасым Келжебаев, молда отбасынан Сейдқали Танасов, Қауыс Жәмелов, қарапайым қазақ отбасынан Есмұхамед Бостанов, Шарип Асанов болды. Училищеде тұрмай өз отбасынан келетіндер қатарында сұлтан Арысланкерей Меңдігереев, сұлтан Мұстафа Сүйінғалиев, қарапайым қазақ Тұтық Жұматаев, екінші сыныптағы училищеде тұратындар қатарында сұлтан Ахмед-Керей Хансұлтанов, кеңесшілер Өтеғали Шомбалов, Муфти Жантөрин, Сейітбатал Балхин, Жүсіп Шомбалов. Өз үйінен келетіндер қатарында қарапайым қазақ Мұқатай Атембетов болды [История Букеевского ханства, 2002: 741–742]. 1846 жылы Жәңгір ханның ұлы Ибрагим Паж корпусында, Исмайыл, Мұхаммед Бажақов, Арслан-Керей Меңдікереев, Жүсіп Шомбалов Неплюев кадет корпусында оқыды. Жәңгір хан мектебінде оқыған шәкірт тізімдерінен, ханның әртүрлі әлеуметтік отбасынан шыққан балалардың оқуына мүмкіндік жасағандығын көруге болады. Сұлтан, қожа, молдалар балаларына орысша білім беретін оқу орындарында оқыту арқылы, өз билігін сақтап қалуға ұмтылды. Қарапайым отбасынан шыққан шәкірттер үшін орысша білім алу әлеуметтік лифт болды, жоғары әлеуметтік мобилділікке көтерілу мүмкіндігін туғызды.

1845 жылы Жәңгір ханның қайтыс болуы, училище тарихындағы өте қиын кезең болды, оқу орны жабылу қарсаңында тұрды. 1846 жылы наурызда Бөкей Ордасына келген Орынбор губернаторы Обручев, шәкірттерді жинап оқыту туралы бұйрық берді [ҚР ОМА. 4-к., 1-т., 2350-іс, 331-п.]. Сонымен қатар оқу орнының қайта ашылуына, Орынбор Шекара комиссиясы да араласып, мектеп зекет салығы есебінен қаржыландыратын болды. Бұрынғы мұғалімдер Ольдекоп пен Аминев қайта қызметке шақырылды. 1846 жылы мектепте 14 шәкірт оқыды. Мектептің ашылған тұстан бір ерекшелігі, қабілетті балаларға екпе жасау да үйретілген болатын, бірақ мектеп жабылғаннан кейін бұл тәжірибие де тоқтатылған еді. 1847 жылы дәрігер Евпатовқа жасы ересектеу және қабілетті балаларға екпе егу тәжірибиесін қайта қалпына келтіру туралы тапсырма берілді [ҚР ОМА. 4-к., 1-т., 3501-іс, 4-п.].

Жәңгір хан мектебінің кейінгі тарихында да, оның жабылып қалу қауіпі үнемі жалғасып отырды. 1852 жылы мектепте 23 шәкірт болды, оның ішіндегі ең ересегі – 17 жаста, ең кішісі 5 жаста болатын. 1850 жылдан бастап қазына есебінен оқитын шәкірттер саны қысқарды, шәкірттер өз қаражаты есебінен оқитын болды. 1851 жылы қазына есебінен 1–5 шәкірт, 1852 жылы 1–3 шәкірт қана оқыған. Өз есебінен оқитын шәкірттер қатарында марқұм Сейіткерей Жәңгір хан ұлының екі баласы мен Айдабол Сыртаевтың баласы болды [ҚР ОМА. 78-к., 2-т., 4669-іс, 2-п.].

Мектепке қаражаттың дұрыс бөлінбеуі, үнемі жабылып қалу қаупін туғызып отырды. Әрбір шәкірттің тамағына жылына 15 рубльден ғана бөлінді, балалары аш қалғандықтан, кейбір ата-аналар оларды мектептен алып кеткен. 1852 жылы Орынбор Шекара комиссиясының араласуымен Хан Ордасындағы мектепке бөлінетін қаржы көбейтілді. Шәкірттердің әрқайсысының тамағына 36 рубльден – 1080 рубль, киімдеріне-25 рубльден – 750 рубль, мектептің жөндеу, жылыту, жарығына – 1000 рубль, шәкірттерді бақылау үшін алынған бұрынғы унтер-офицер дәрежесіндегі екі қызметшінің әрқайсысына – 80 рубльден, қадағалаушыға – 400 рубль, орыс тілі мен көркем жазу, арифметика мұғаліміне-250 рубль, татар тілі мұғаліміне – 200 рубль, мұсылман діні мұғаліміне – 100 рубль бөлінетін болды [ҚР ОМА. 78-к., 2-т., 4669-іс, 27-п.].

1856 жылы мектепте 16 шәкірт, 1858 жылы 14 шәкірт, 1861 жылы 22 шәкірт оқыды. 1861 жылы мектепке жүрген тексеруден кейін, сабақтың жүргізілуі талапқа сай емес деп, оқу бағдарламасынан араб, парсы, қазақ тілдері алынып тасталды. 1867 жылы мектепті қайта жабу туралы мәселе қозғалды. 1879 жылдан кейін мектептің құрылымы өзгерді. Мектеп Ордадағы екі сыныптық училищеге айналды және Халық Ағарту Министрлігіне бағынды. 1880 жылы училищеде 45 пансионер және өз үйінен келіп оқитын 14 шәкірт болды [Казанский, 1898: 22]. Хан Ордасындағы мектептің екі сыныптық училище мәртебесіне өтуі оның құрылымын өзгертті. Екі сыныптық училище бастауыш білімнің жоғары деңгейінде тұрды. Оқу бағдарламасы кеңейтілді, мұғалімдер саны 2-3-еу болды, оқу жылы 4–5 жылға созылды, училище түлектерінің мұғалімдер семинариясы, қалалық училищеге түсу мүмкіндіктері болды.

1880 жылы училищеде 59 ұл бала оқыды, оның ішінде 45 – қазақ, 13 – орыс, 1 – армян болатын. Училищенің бірінші сыныбында 3 топ болды. Бірінші сынып мұғалімі Қазы Бертелесов болса, ал Людмила Саврукова, ветеринар-фельдшер Петр Нечаев практикададан өтушілер болатын [ҚР ОМА. 59-к., 1-т., 12-іс, 2-п.]. 1899 жылы училищеде 88 ер бала оқыған, 20 шәкірт бітіріп шықса, 39 бала оқудан шығып кеткен. Қараша айында училищеде 54 шәкірт болды, 1 орыс, 53 бала қазақ. Училищедегі 20 шәкірт қазына ақшасына, 12 шәкірт өз ақшасына, 22 шәкірт келіп оқитындар

қатарында болды. Қазақ шәкірттерінің әлеуметтік құрамы 1 сұлтан отбасынан, 1 молда отбасынан, 49 қарапайым отбасынан шыққандар болатын [ҚР ОМА. 59-қ., 1-т., 12-іс, 13-п.]. Училище мұғалімдері Ф.С. Беглов, И.Ф. Левшин, А.Ф. Филиппов Қазан мұғалімдер семинариясының түлектері болды [ҚР ОМА. 59-қ., 1-т., 12-іс, 15-п.]. Алғашқы училище мәртебесін алғанда барлық мұғалімдердің педагогикалық білімі болмады, кейін оқу орны кәсіби педагогикалық білімі бар мұғалімдермен толықты. Училищедегі шәкірттердің этникалық құрамының өзгеруі және мұғалімдер қатарының кәсіби педагогикалық оқу орындары түлектер қатарымен өзгеруі училищенің Ресейдің жалпы имперлік білім беру моделіне көшкендігін айғақтайды.

1891 жылы 6 желтоқсанда училищеде Жәңгір хан ашқан мектептің 50 жылдығы атап өтілді. 1895 жылы училищенің оқу ғимаратын көрген Астрахан губерниялық архитекторы Бальди мырза ғимараттың күрделі жөндеуге жарамайтындығын айтқан [Воскресенский, 2001: 173]. Өйткені осы кезге дейін училище ғимараты жөндеумен келе жатқан болатын. Жәңгір хан негізі қалаған мектептің ғимараты жөндеуге жарамсыз деп, қазақтардан жиналған қаражатқа 1901 жылы жаңа ғимарат салынды.

1898 жылы Қазан оқу округі Хан Ордасындағы екі сыныптық училищені орталық училищеге айналдыру жөнінде мәселе көтерілді. Мұны Меңдіғали Сарпиев, старшина Бабасов, Мамытов, Бөкейханов, Г.Қасымов жақтады. Хан Ордасындағы мектеп 3 сыныптық орталық училище болып ашылып, старшиндық мектеп, медресе мен мектептерде ашылған орыс сыныптарына мұғалім дайындауы қажет болды [ТР МА. 92-қ., 2-т., 2231-іс, 33-п.]. Училищенің кейінгі тарихына қатысты деректерге сүйенсек, 1905 жылы 1 шілдеде төрт сыныптық қалалық училищеге айналды [ТР МА. 92-қ., 2-т., 2231-іс, 61-п.]. Міне осылайша Жәңгір хан іргесін қалаған мектеп екі сыныптық училище, кейін төрт сыныптық қалалық училищеге болып қайта құрылды. Жәңгір хан ашқан мектептің алғашқы шәкірттері Орынбор Неплюев кадет корпусарында оқыса, XIX ғасырдың екінші жартысында Орынбор мұғалімдер мектебі, Қазан мұғалімдер семинариясына түсе бастады. Мысалы, 1883 жылы училищені бітірген 4 шәкірт Орск (Орынбор) мұғалімдер мектебіне жіберілген болатын.

XIX ғасырдың екінші жартысында Бөкей ордасында Жәңгір ашқан мектептен бөлек, Ресей империясы аймақта бөлімшелік мектеп, старшиндық мектеп, екі сыныптық орыс-қазақ училищесі, қыздар училищесі, ауылдық қыздар мектебін ашты.

1861 жылы Ішкі Орданың Уақытша Кеңес төрағасы К.И. Герн бөлімше басқарамасы жанынан мектеп ашуды ұсынды. Шәкірттердің қыс мезгілінде сабақтары жер үйде, жазда киіз үйде өтуі тиіс болатын. Оларды бөлімшедегі іс-қағаз жүргізушілер мен аудармашылар оқытуы тиіс болды, бірақ кейін бұл міндеткерлік олардан алынды. 1866 жылы Бөкей Ордасында алғашқы 7 бөлімшелік мектеп ашылды: Торғын (Хан Ордасынан 7 шақырымда), Қалмақ (Хан Ордасынан 55 шақырымда) Нарын (Төлеңгіт станциясынан 15 шақырым), Талов (Хан Ордасынан 140 шақырым), Қамыс-Самар (Хан ордасынан 180 шақырым), I Теңіз жағалауы округі (Хан Ордасынан 320 шақырым), II Теңіз жағалауы округі (Хан Ордасынан 280 шақырымда). Бұл мектептер 1860 жылғы 9 ақпанда қабылданған Орал бойы мектептерін құру туралы Жарғыға сәйкес құрылды. Жарғы бойынша 1) әрбір мектепке 25 қазақ баласы қабылдануы тиіс, мұғалім қадағалаушы да болды; 3) курс бағдарламасы бойынша шәкірттер қазақ, орыс тілінде оқи, жаза білуі қажет, арифметикалық 4 амалды меңгеру, мәтіндерді орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше аудару білу, екі тілдің грамматикасын түсіндіре білу; 4) оқыту ланкастер жүйесімен жүргізілді, яғни ересектер, немесе жақсы оқитындар кіші шәкірттерге көмектесуі қажет; 5) оқу мерзімі 4 жыл; 6) барлық қазақ шәкірттері пансионда тұруы қажет, оларды қазынадан бөлген қаржыға сәйкес жарығы бар жылытылған бөлме, төсек-орын, тамақпен қамту, бірақ олар киім, аяқ киім, ішкі киімдерді өздері алуы қажет болатын, өте кедей отбасынан шыққандарға ғана қазынадан киімге ақша бөлінді; 7) мектепке орыс қоныстанушыларының балалары қабылданғанымен, олар пансионда тұрмады, өз үйлерінен келуі тиіс болды [Народные, 1903: 72]. Мектепке 25 шәкірт қабылданады деп көрсетілгенімен, алғашқы жылы қабылданған оқушылар саны аз болды. Торғын мектебіне 8 шәкірт, Қалмақ мектебіне-20 бала қабылданды. Қалмақ бөлімшелік мектебіне сұлтан, қожа, старшин, төлеңгіт, хорунжий отбасының балалары қабылданды. Старшина Шыңғыс сұлтан Шығайев аймағынан сұлтан балалары: Ахмед Оразғалин, Досқали Оразғалин, Сүйінғали Оразғалин, Мұсағали Бөкейханов, Нұрмұхаммед Бөкейханов, қожа отбасынан: Қарашен Мустафин, Мырзағали Еркенов, Әзизгерей Еркенов, Исмаил Мияқов, Сейтқали Есғарин, Байтен Турбаев, Хусейін Бегалин, төлеңгіт отбасынан: Ханмұхамед Баятов, ал қалған балалар тама, беріш, есентемір руларынан болды [ҚР ОМА. 78-қ., 2-т., 4872-іс, 19-п.].

Бөлімшелік мектептер алғашқы кезде Ордадағы Кеңеске бағынды, сондықтан да оқу кестесі мұсылмандық мектептерге ұқсас болды. Мектепте аптадағы жұма күні, Наурыз, Құрбан айт демалыс күндері саналды. Сабақ уақыты екіге бөлінді таңғы сабақ үш сағат және түстен кейінгі сабақ үш сағатқа созылды, түсте түскі ас ішті [ҚР ОМА. 78-қ., 2-т., 4872-іс, 9-п.]. Ауырған балалар емделу үшін ауылдарына қайтарылды, бір сыныпта екінші рет орнында қалып оқуға рұқсат берілмеді [ҚР ОМА. 78-қ., 2-т., 4872-іс, 11-п.]. Бөкей ордасындағы мектептер 1874 жылы Халық Ағарту Министрлігіне бағындырылғаннан кейін, оқу кестесі Ресей оқу орындарының жүйесімен теңестірілді.

Бөлімшелік мектептерде оқу 4 бөлімнен тұрды: дайындық, кіші, орта, жоғары топтар. Орыс тілі, арифметика, көркем жазу, қазақ тілі мен ән сабағы жүргізілді. Архив қорындағы құжаттарға сүйенсек, орыс шәкірттері бар кейбір мектептерде Құдай заңы сабағы өткізілгендігі нақтыланады. Мысалы, 1895 жылы Нарын мектебінде 23 шәкірт, оның 21 қазақ, 2 орыс баласы. Жиырма шәкірт қазына қоры есебінен оқыған. Мектепте Құдай заңы сабағында Қасиетті кітап қазақ тілінде, орта топтарда Қасиетті кітаптан Ескі өсиет қазақ тілінде оқытылған, ал ән сабағында Ресей империясының әнұраны Құдайым, патшаны сақта! әні орындалған [ҚР ОМА. 59-қ., 1-т., 58-іс, 1-3 пп.].

1894–1895 жылғы Қамыс-Самар мектебінде оқу жылының басында 38 ұл бала және 4 қыз бала болған. Қыркүйек айында 1 ұл, 1 қыз бала шығып кеткен. Ересек топта 6 бала, орта топта 6 бала, кіші топта – 13 бала, дайындық тобында -14 бала оқыған [ҚР ОМА. 59-қ., 1-т., 58-іс, 11-п.]. Ересек топтарда жыл бойы Құдай Заңы оқулығымен Ветхий Завет, Қасиетті тарих оқытылған [ҚР ОМА. 59-қ., 1-т., 58-іс, 13-п.]. Шәкірттер орыс тілі сабағында Исус Христос кітабынан Қасиетті Иосиф уағызын қазақшаға аударғандар [ҚР ОМА. 59-қ., 1-т., 58-іс, 13-п.]. Орта топтарға да Құдай заңы кітабынан дүниені жаратуға қатысты мәтіндер оқытылған. Ән сабағында Ұлы Петр салтанаты, Пушкиннің романстарынан Далада қайың тұрды, Аспанды дауыл қараңғылағанда, Бойтұмар өлеңдері орындалатын. Ән сабағы скрипканың сүйемелдеуімен өткен-деп көрсетіледі архив деректерінде [ҚР ОМА. 59-қ., 1-т., 58-іс, 17-п.]. Бөкей Ордасындағы кейбір бөлімшелік мектептерде Библияның оқытылуы оқу бағдарламасында православие компоненті бар мектеп модельдерінің болғандығын дәлелдейді. Библия мемлекеттік оқу бағдарламасындағы православие дінінің бір элементі болды және оны оқыту жаңа әлеуметтік элитаны қалыптастырудың бір жолы еді.

1872 жылы Бөкей Ордасындағы мектептерге тергеу жүргізген Орда билеушісі бөлімшелік мектептердің жағдайы туралы былай деп жазды: Қалмақ мектебінде оқу құралы мүлдем жоқ, шәкірттер жыртылған Шулгиннің тарих оқулығы мен ескі академиялық күнтізбені пайдаланады. Ордадағы мектепте атлас, глобус, басшылыққа алатын оқу құралы, көрнекі құрал таблицалар да жоқ. Барлық оқу құралының бірақ түрі бар, ол мәскеулік фабрикадан шыққан әліппе [Алекторов, 1904: 32]. Мектептің күтімі де жоқ, мұғалімдер тарапынан мектепті қадағалау әлсіз [Алекторов, 1904: 32]. Кейбір мектептерде айлап сабақ өткізілмеген, Орда билеушілері мұғалімдерді қағаз жазуға пайдаланады. Мектептің барлық шығыны, жөндеу жұмыстарына бөлінген қаржылар билеушілер қолында, олар қазақтар арасынан өзіне қажетті попечительдерді таңдап алып, қаражатты солардың қолына беріп қойған. Қолына қаражат түскен попечитель өзіне азық-түлік сатып алып, мектепті қаражатсыз қалдырған.

Шәкірттер жатқан интернатта азық-түлік болмағандықтан олар өз үйлеріне кетіп қалған, сабақ тоқтаған. Мектептегі бақылаудың әлсіз болуы мен индифферентизмге байланысты өкімет мектептерді Халық Ағарту министрлігінің ықалына өткізуге шешім қабылдады. 1878 жылы Ішкі Ордадағы мектептерді бақылау үшін халықтық училище инспекторы қызметі бекітілді [Алекторов, 1904: 33]. Бұл мектептер бұратана халықтың балаларына орысша білім берудің бір түрі ретінде құрылғанымен, іс жүзінде күрделі институциональдық және әлеуметтік мәселелер туындады. Мектепке қаржының дұрыс бөлінбеуі, олардың орталықтан қашықта орналасуына байланысты бақылаудан тыс қалуы, мұғалімдердің жетіспеуі, сабақтың дұрыс жүргізілмеуі сынды.

Қаржының дұрыс бөлінбеуінен, бөлімшелік мектептегі өз ғимараты болмады, кейбірі үйлерді жалға алатын, мектептердің басым бөлігі балшықтан салынған жер үйлерге орналасты. Мысалы, Қамыс-Самар мектеп мұғалімі үй төбесіндегі сылақтардың жарылуынан, бөлмелердің өте салқындығы, сабақта балалардың қалың киініп отыратыны, монша пешінің бұзылғандығы жөнінде есеп берген [ҚР ОМА. 59-қ., 1-т., 27-іс, 19-п.]. 1883 жылы Нарын, Талов, Қамыс-Самар, I-Теңіз жағалауы округінде ашылған мектептер жабылды. Нарын мектебі мен Қамыс-Самар, I және II-Теңіз жағалауы округтеріндегі мектептер бірікті. Орынбор билігі бөлімшелік мектептердің жабылуын қолдамады. 1886 жылы Қамыс-Самар, Талов, 1888 жылы Қалмақ, Торғын, 1890 жылы Нарын

бөлімшелік мектептеріне ағаштан ғимараттар салынды. Мектептің өз ғимараттары болғанымен, бірақ материалдық жабдықталуы әлі де нашар болды.

XIX ғасырдың аяғында Ресей империясының отаршылдық саясаты дәстүрлі қазақ қоғамының трансформациялануына алып келді. Орыс тілі әкімшілік билік, сауда қарым-қатынасының тіліне және мансап алу құралына айналды. Міне сондықтан да, қазақтар орысша білім беретін мектептерге балаларын көбірек беруге ұмтылды. 1891 жылы Талов бөлімшелік мектебі мұғалімінің деректеріне сүйенсек, 20 бала қазына есебінен, 4 бала өз қаражатына, 4 бала артық артық қабылданған [ҚР ОМА. 59-қ., 1-т., 37-іс, 54-п.]. Мектеп 20 баланы ғана қабылдауға бейімделген болатын, көп өтініш түскендіктен артық оқушылар қабылданған. Архив құжаттарында басқа да мектеп мұғалімдерінің есептерінде артық қабылданған шәкірттер туралы деректер кездеседі. Нарын мектебінің мұғалімі 24 оқушыға 10 парта бар, өтініш білдірушілер өте көп -деп жазды [ҚР ОМА. 59-қ., 1-т., 37-іс, 51-п.]. Оқушылардың артық қабылдануына байланысты, 1891 жылы оқу инспекторы Алекторов Талов бөлімі қазақ қауымы жинаған 50 рубльден 19 рубльді мұғалім Кромлейге төлегендігі туралы есеп берген [ҚР ОМА. 59-қ., 1-т., 37-іс, 18-п.].

1895 жылы Ресей императорының некелесу салтанатының құрметіне Бөкей Ордасында старшиндық мектептер ашылды. Бұл мектептің бағдарламасы Торғай облысындағы көшпелі ауылдық мектеп бағдарламасымен сәйкестендірілді. 1895 жылы 14 қарашада 7 старшиндық мектеп ашылды. Олар Қалмақ бөлігінде 2 мектеп (Харахое мен Шунгал), Талов бөлігінде 2 мектеп (Қарасу мен Тоқбасқұл), 1 мектептен Қамыш-Самар бөлігінде (Құсбай айдыны), Нарын (Толыбай), екінші Приморск округі (Ұзын-құлақ) 1 мектептен [Пленкин, 1912: 9]. Старшиндық мектеп саны 1895 жылы – 7, 1896 жылы – 14, 1903 жылы 15, 1905 жылы-19, 1909 жылы 19 болды [Пленкин, 1912: 14]. Старшиндық мектептер қазақтардың қаражатына салынып, қаржыландырылды. Мұндай мектептердің жылдық шығыны – 250 рубль болатын. Мұғалімге жалақыға жылына – 120 рубль, пәтеріне-60 рубль, шәкірттердің оқу құралдары мен заттарына – 20 рубль, мектепті жылыту және т.б. шығындары үшін – 50 рубль бөлінді. Мектеп мұғалімдері Ордадағы екі сыныптық училищені бітіріп және бұратанылық мектеп мұғалімі дәрежесін алу үшін Қазан мұғалімдер семинариясынан сынақ тапсырғандар болатын [Пленкин, 1912: 9].

Архив қорында әрбір старшиндық мектептің ашылу тарихына қатысты құжаттар өте көп. 1895 жылы 14 қарашада Ұзын-құлақтағы үшінші старшиндықтың, Екінші округ басқарушысы сұлтан Қарабаев пен үшінші старшиндықтың ахуны Ургашев Ордадағы қазақтармен келісім жасаған. Келісім бойынша Императордың некелесу құрметіне қазақтар екі старшиндық мектептің ашылуы үшін 500 рубль жинаған. Ұзын-құлақ белінде жаңа мектепке 17 бала қабылданған. Мектептің ашылу салтанаты ахун Жалал Ургашевтің дұғасымен басталды-деп жазылады деректерде [ҚР ОМА. 59-қ., 1-т., 55-іс, 8-п.]. 1896 жылы қарашада Қамыс-Самар бөлімінің бірінші старшиндығында Есқали Қабасовтың жер үйінде мектеп ашылды. Мектепке 9 бала қабылданды. Олар: Сейтқали Ғаббасов, Мағзұм Бекмұхамедов, Нағим Әкімов, Рамазан Ғаббасов, Имам Жабаев, Ғизат Елеусізов, Мыңжасар Ахмедов, Саид Сейтов, Дәбен Сақантаев [ҚР ОМА. 59-қ., 1-т., 55-іс, 5-п.].

1905 жылы I Теңіз жағалауы округінің Қожа Арал сайында үлгілі старшиндық мектеп ашылды. Мектеп мұғалімі педагогикалық курс бітірген Құдайбергенов болатын. Ол ата-анасының көмегімен өз есебінен 30-40 балаға арналған жертөле салдырды. 1905 жылы мектепке 33 ұл бала 3 қыз бала қабылданды. Мектеп Каспий теңізінің жағасында ашылды. Теңіз жағалауында тұратын қазақтар наурыз айында балық аулауға кетіп, қазанда ғана оралатын. Олар теңізге балық аулауға шыққанда балаларын да бірге алып кететін, сондықтан да шәкірттердің мектепте оқитын уақыты 3-4 ай ғана созылды. Олардың тұрақты мектепке оқуы үшін интернат салу қажет-деп көрсетілді-есептерде [ТР МА. 92-қ., 2-т., 5755-іс, 38-п.].

II Теңіз жағалауы округінің он екінші старшиндығындағы ашылған мектеп Ақжаныс сайында құрылды. Мектеп көшпелі болғандықтан Керей-Шашақ, Сұлқы-Шашақ, Ноғайбай кейін Керей-Шашаққа көшіп келетін. Жалға алынған мектеп үйі өте қолайсыз болды. Оқушылар старшиндық мектеп үшін жасалынған кішкентай парталарда отырып сабақ оқыды. Сабақ таңертең 9-да басталып, 2-ге дейін жалғасты. Шәкірттердің барлығы да мектептен 20-30 минут жерде тұратын. Мектеп кітапханасында 227 кітап және көрнекі құрал, есепшот, әріп кесінділері болған. Мектеп қазақ қоғамының жыл сайын жинайтын 250 рубльмен қаржыландырылды. Мұғалім Ғұбайдулла Мұқашұлы Алағөзов Хан Ордасындағы қалалық училищені бітірген, бастауыш училище мұғалімі деген дәрежесі болды. Мектеп түлектерінің бір бөлігі Ганюшкиндегі екі сыныптық училищеге түссе, кейбірі өз ауылдарына оралып мал шаруашылығымен айналысатын [ҚР ОМА. 59-қ., 1-т., 55-іс, 1-п.].

Старшиндық мектептермен қатар ауылдық мектептер де ашылды. Қызыл оба ауылдық мектебінде 12 бала оқыды. Ауылдық мектептегі шәкірттердің ең ересегі 18 жаста, кішкентайы жеті жаста болптын. Мектеп мұғалімі былай есеп берген: -Күн шыққаннан балалар мектепке баруға дайындалады. Кітап жетіспегендіктен, шәкірттердің бір тобы кітаппен оқыса, екінші топ грифельді тақтаға, немесе дәптерге жазады, үшінші топ ауызша баяндайды. Шәкірттер үйінен түстенген соң, сабақ кешке дейін жалғасты.

Ресей империясындағы аз комплектілі мектептердің тарихы XIX ғасырдан бастау алады. Бөкей Ордасында ашылған бөлімшелік, ауылдық мектептер аз комплектілі мектеп жүйесімен оқытты. Мұғалімдер шәкірттерді топтарға бөліп, кезекпен тапсырма беріп отыратын. Ауылдық мектептерде де оқулық жетіспеді. Мектептегі он кітаптың ішінен шәкірттер үшін ең маңыздылары: Вольпердің орыс тілі кітабының бірінші шығарылымы, Гольденбургтің кітабы, қазақ балаларына арналған Әліппе, Гербагтың көркем жазу еңбегі болатын [ҚР ОМА. 59-к., 1-т., 37-іс, 46-п.].

1910 жылдан кейін бөлімшелік, старшиндық, ауылдық мектептердің барлығы да бір сыныптық училищеге айналдырылды. Бөкей Ордасында бастауыш білім беру жүйесінің алғашқы жүргізілген эксперименті сәтсіз жасалған жүйенің бірі саналды, сондықтан да Ордаға бастауыш білім берудің бір сыныптық, екі сыныптық жүйесі толығымен енді. Қазақ қыздарын алғаш зайырлы мектептерге қабылдау тарихы Бөкей Ордасынан басталды. Қыздарға мектеп ашу сауат ашу үшін ғана емес, мәдени интеграция, әлеуметтік трансформация және қазақ қоғамына Ресей империясының ықпалын күшейту құралы ретінде саналды.

1883 жылы Хан Ордасында 20 қызға арналған қыздар училищесі интернатымен ашылды. Училищенің білім беру бағдарламасы бір сыныптық училище бағдарламасымен теңестірілді. 1883 жылы 22 қыз оқыса, 7-уі қазақ, 15-і орыс, 1885 жылы 22 қыздың, 6-уы қазақ, 16-ы орыс, 1887 жылы 18 қыздың, 4-уі қазақ, 14-і орыс, 1889 жылы 16 қыздың, 3-уі қазақ, 13-і орыс қызы болған [Внутренняя, 1891: 6]. 1890 жылы мектеп ғимаратының өртеніп кетуіне байланысты оқу тоқтатылды. 1894 жылы Хан ордасындағы қыздар училищесі қайта ашылды. 1894 жылы Ішкі Орданы басқару Кеңесінің төрағасы Қалмақ бөлігінің басқарушысына былай деп хабарлаған: училищеге 8 қызды қабылдау жөніндегі ұсынысқа өз қыздарыңызды оқуға беруге және басқа да ата-аналарды көндіремін деген келісіміңізді берген едіңіз. 1 қыркүйекте сабақ басталғанымен, бірде-бір қазақ қызы оқуға келмеді [ҚР ОМА. 78-к., 2-т., 443-іс, 19-п.]. Алғашқы кезеңде қазақтар өз қыздарын оқуға беруге құлықсыз болды. Торғын, Қалмақ бөлімдерін басқарған қазақтар өз қыздарын оқуға мәжбүрлеп берді [ҚР ОМА. 78-к., 2-т., 443-іс, 12-п.].

1894-1895 оқу жылында қазына есебінен оқуға 13 қыз қабылданды. Олардың жас шамасы 8-13 жас аралығында болатын. Қазақ қыздары Қазақ-қалмақ, Торғын, Нарын, Қамыс-Самар бөлімдерінен болды. Күлжамал Бердешова, Сухила Ақсенова, Құлқиыс Бөкейханова сұлтан отбасынан шықса, қалған 9 қыз қарапайым қазақ отбасынан болатын [ҚР ОМА. 78-к., 2-т., 443-іс, 33-п.]. 1894-1897 жылдар аралығында Ордадағы қыздар училищесінде оқитын қыздардың саны тұрақты түрде 16-20 қыз болды. 1901-1902 оқу жылында қыздар мектебінің түлектері Ғайшике Бақтығашева мен Майқыз Қартмамбетова Ордадағы орыс мектебіне түсуге өтініш білдірген. Орыс мектебіндегі оқушылар санының көп болғандығына қарамастан, олар оқуға қабылданды. Қыздар мектепте бар ынтасымен оқып, жоғары сыныптағы оқушылармен тең дәрежеде болғысы келді. Қазақ қыздары музыка сабағына да қызығушылық танытты.

Үш қазақ қызы Ахметова, Өтебаева, Оразбаева өз қызығушылығымен Филиппов пен Левшиннің ән теориясы сабағына қатысып, фисгармонияда ойнауды үйренген. Олар 15 мамыр мен 1 қыркүйек аралығында әрбір аптада үш сабаққа қатысып, ән айту мен музыкадан елеулі табыстарға жетті [ТР МА. 92-к., 2-т., 5755-іс, 10-п.]. 1911 жылы Талов поселкесінде қазақ қыздарына орысша білім беру мақсатында училище ашылды. Училищенің өз ғимараты, қыздар жатып оқитын интернаты да болмады, үй жалға алынды. Училищеде орыс тілі, арифметика, қол еңбегі сабағы оқытылды. Сабақ Михеевтің орыс тілі оқулығы, Ы.Алтынсариннің Қырғыз хрестоматиясы, А.Василеевтің қазақтарға арналған Әліппесі, қазақтарға арналған практикалық орыс тілі кітаптарымен оқытылды. Училищенің алғашқы мұғалімі Анна Федоровна Гавриловна Қазан орталық шоқынған татар мектебінің түлегі болатын. Оқу орны қазақ қыздары үшін арналып ашылғанымен, бірақ алғашқы шәкірттері татар қыздары болды. 1912-1913 жылғы деректерден училище қыздарының құрамынан көп ұлтты сипат ала бастағандығын көруге болады. Училищеде 20 қыз оқыса, оның 9-ы орыс, 6-уы татар, 5-уі қазақ қызы болған [ҚР ОМА. 59-к., 1-т., 223-іс, 22-п.]. Орыс, татар, қазақ қыздарын қатар оқыту, Ресей

империясы саясатының ұстанған бағыты болды. Бұл мектептер татар, қазақ қыздарын Ресей империясының мәдени кеңістігіне енуіне ықпал етуі тиіс болатын.

1900 жылы Бөкей Ордасында екі ауылдық қыздар мектебі ашылды. 1906 жылғы деректерге сүйенсек, қыздар мектебінің әрқайсысында 12 қыздан оқыған. Қазақ қыздары старшиндық мектептерде де оқыды, яғни бұл сыныптарда олар ер балалармен қатар білім алды [ҚР ОМА. 78-к., 2-т., 443-іс, 2-п.]. Бөкей Ордасында зайырлы мектептерден бөлек мұсылмандық мектеп, медреселер де болды. Ордадағы мұсылмандық оқу орындарының құрылу тарихы XIX ғасырдың бас кезеңінен басталады. Мұсылмандық оқу орындарын Жәңгір хан, кейбір сұлтандар және жарлығы бар молда, ахундар ашты. Олардың басым бөлігі мешіт жанынан ашылса, кейбірін жарлығы бар татар, қазақ молдалары өз үйінен ашты. Бұл оқу орындары жеке меншікте болды. Сонымен бірге сұлтандар және тағы да басқа жеке тұлғалар өз ауылдарына арнайы молдаларды шақыртып, ауыл балаларын оқытты. 1865 жылы Шиахмет Шажединовтың мешіт жанынан жеке қаржысына ашқан мектебінде 1882 жылы 13 татар ер баласы, 9 татар қыз баласы, 3 қазақ ер баласы, 3 қазақ қыз баласы оқыған. 1852 жылы сұлтан Әділ Бөкейханов өз қаржысына мектеп ашты. 1882 жылы бұл мектепте 2 татар ер баласы, 2 татар қыз баласы, 15 қазақ ер баласы, 2 қазақ қыз баласы оқыған. Мектептің мұғалімі Мухаммедкәрім Муфихиддин болатын [ҚР ОМА. 78-к., 2-т., 5040-іс, 6-п.]. Әрбір мектеп, медреседе шәкірттер саны 20 баладан 100 балаға дейін болды. Шәкірттер мектепке бір аптаға жететін азығымен келетін. Молдаға бала оқытқаны үшін арнайы жалақы төленбеді. Олар шәкірттердің ата-анасы берген қайырымдылықты қанағат тұтуы тиіс болды. Жаз уақытында әрбір шәкірт мектепке бұзаулы сиыр жеткізіп отырды. Молдаға шай, қант берілді [ҚР ОМА. 78-к., 2-т., 5040-іс, 57-п.].

1870 жылдардан бастап Ресей империясы мектеп, медреселерде алғашқы орыс сыныптарын құра бастады, бірақ сыныптар барлық жерде бірдей ашылмады. 1870 жылы 26 наурызда II Александрдың билігі кезінде қабылданған «Ресей бұратаналарына білім беру шаралары туралы Ережеге» сәйкес мектеп, медреселерде ашылған орыс сыныптарын бақылау халықтық училище инспекторының құзырына берілді [Сборник законов, 1902: 27].

1893 жылы қабылданған Ереженің 48 бабының 5 қосымшасына сәйкес, Орал, Торғай, Бөкей Ордасындағы бұрын ашылған мектеп, медреселер, енді ашылатын мұсылмандық оқу орындары және үйде оқытатын, жеке меншіктегі мұсылмандық мектептердегі христиан емес бала оқытатындардың барлығы да Халық Ағарту министрігіне бағындырылды [Сборник законов, 1902]. Бөкей Ордасында орыс сыныптары Хан Ордасында, Новая Казанка елді мекеніндегі медреселерде ашылды. 1912 жылғы Хан Ордасындағы медресенің орыс сыныбында сабақ 2 қазанда басталып, 30 сәуірде аяқталған. Орыс сыныбына шәкірттер дайындығы бойынша үш сыныпқа бөліп оқытылған. Бірінші сыныпта-8 шәкірт, екінші сыныпта-13 шәкірт, үшінші сыныпта – 11 шәкірт оқыған [ҚР ОМА. 78-к., 2-т., 479-іс, 57-п.]. 1916 жылы деректерге сүйенсек, медресе, мешіт жанындағы орыс сыныбында 52 қазақ баласы, 79 татар ер баласы 26 татар қызы оқыған [ҚР ОМА. 59-к., 1-т., 280-іс, 7-п.]. Орыс сыныбында негізгі пәндер орыс тілі, арифметика болды. Ресей империясы медресені діни мекеме ретінде сақтай отырып, оларға мемлекеттік мектеп элементтерін енгізу арқылы өз бақылауына алды.

Қорытынды. Бөкей Ордасындағы бастауыш білім берудің институционалдық, әлеуметтік және мәдени трансформациялану тарихын талдай келе және аймақтағы білім беру жүйесін Батыс-Сібір, Түркістан оқу округтерімен салыстыра отырып, білім беру моделінде өзгешеліктері болғандығын анықтадық. Институционалдық өзгерістер әр түрлі бастауыш сынып үлгілерінің құрылуымен ерекшеленеді. Мысалы, бөлімшелік мектеп үлгісі тек Бөкей Ордасына ғана енгізілді. Торғай, Ақмола облыстарында өтте сәтті жүргізілген ауылдық мектеп моделінің эксперименті, Бөкей Ордасына старшиндық, ауылдық мектеп атауымен енді. Бөкей Ордасындағы бөлімшелік, старшиндық, ауылдық мектеп эксперименттері сәтсіз аяқталды деп көрсетуге болады. 1910 жылдан кейін олардың барлығы да бір сыныптық училищелерге айналды. 1916 жылы деректерге сүйенсек Ордада алпысқа жуық бір сыныптық училище болған.

Әлеуметтік өзгерістер қазақтардың зайырлы мектептерге деген көзқарастарының өзгерумен де ерекшеленді. Қазақ қоғамындағы күнделікті болып жатқан өзгерістер, орысша білім алу арқылы ғана әкімшілік билікке, мансапқа қол жеткізуге болатындығын дәлелдеді. Сондықтан да, сұлтан отбасынан шыққан шәкірттер үшін бұрынғы билікті ұстап қалудың бұл бір жолы болса, кедей отбасынан шыққандар үшін әлеуметтік мобилділік лифті болды, оларға әлеуметтік баспалдақ бойынша көтерілуге мүмкіндік жасалды. Ресей империясы кедей отбасынан шыққан шәкірттер үшін тегін білім алу мүмкіндігін туғызған болатын. Қыздарға да орысша білім беру эксперименті Бөкей Ордасынан

басталды. Орысша білім алу оларға қолжетімді болды. Оларға қыздар училищесінде, старшиндық мектептерде және ауылдық мектептерде де оқуға рұқсат берілді.

Зайырлы мектептермен қатар мұсылмандық медресе, мектептер де өз мәртебесін сақтап қалды. 1916 жылғы 60 бір сыныптық училищесінде 1111 шәкірт оқыса, Қалмақ бөлігіндегі мектеп, медреседе 450 ұл бала, 25 қыз бала, Торғын бөлігінде 425 ұл бала, Қамыс-Самар бөлігінде 463 ұл бала, Нарын бөлігінде-167 ұл бала оқыған. Мұсылмандық оқу орындарындағы бала санының көп болуы, білімнің қол жетімділігімен және ата-аналардың балаларына мәдени жағынан жақын діни білім беруге ұмтылысынан көруге болады. Ресей империясы қазақтардың арасында мұсылмандық білімнің жоғары тұрғандығын ескере отырып, медреселерге мемлекеттік мектеп элементтерін енгізе бастады.

Дереккөздер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві
ТР МА – Татарстан Республикасының мемлекеттік архиві

Әдебиеттер

Казанский, 1898 – *Казанский. Н.И.* Народное образование в Астраханской губернии // Русская мысль. 1898. Кн. VI-X. С. 33–107.

Алекторов, 1904 – *Алекторов А.* Очерки из истории развития инородческого образования // Журнал Министерства Народного просвещения. Часть CCCLIV. 1904. Июль С.-Петербург: Сенатская типография. 1904. С. 27–46.

Воскресенский, 2001 – *Воскресенский А.* Школьный альбом Букеевской Орды // Букеевской Орде 200 лет. Издание из 6 книг. Книга 3. Алматы: Издательство «Өлке», 2001. 204 стр. С. 164–202.

Иванов, 2001 – *Иванов И.С.* Внутренняя Киргизская Орда (Краткий статистический очерк) // Букеевской Орде 200 лет. Издание из 6 книг. Книга 2. Алматы: Издательство «Өлке», 2001. 232 с. С. 141–230.

Пленкин, 1912 – *Пленкин Ф.И.* Начальные народное образование во внутренней Киргизской орды (1910–1912 гг) с 35 диаграммами. Астрахань: Электро-типография Я. Медковна. 151 с.

Тажигаев, 1962 – *Тажигаев Т.Т.* Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века. Алма-Ата: Казгосиздат, 1962. 506 с.

Айтмухаметов, 2000 – *Айтмухаметов А.А.* О казахских школах в Букеевской Орде // Вестник Кокшетауского университета имени Ш.Ш. Уалиханова. 2000. № 1. С. 146–150.

Шотанова, 2020 – *Шотанова Ф.А., Ужкенов Е.М., Ермекбаев Ә.А.* Материалы Петровского общества о развитии народного образования в Букеевской. Edu.e.-history. 2020. № 3(23). С. 276–290.

Журасова, 2022 – *Журасова А.Ш. Муталова Д.С.* Бөкей Ордасындағы білім беру ісінің тарихынан // Вестник КазНУ. Серия историческая. Т. 105. № 2(2022). С. 117–126.

История Букеевского ханства 2002 – *История Букеевского ханства (1801-1852 гг).* Сборник документов и материалов (Сост.: Б.Т. Жанаев, В.И. Иночкин, С.Х. Сагнаева. Алматы: Дайк-Пресс, 2002. 1120 с.

Народные, 1903 – *Народные училища* Кавказа, Сибири, Степного края, Туркестана, Архангельской, Астраханской и Оренбургской губерний. Донской области и казачьих войск. Систематический свод законов, распоряжений, правил, инструкций, программ и справочных сведений. Составлен Г.Фальборком и В. Чернолуцким. С.-Петербург: Типо-Литография Б.М. Вольфа. 1903. 100 с.

Внутренняя, 1891 – *Внутренняя Киргизская орда* (Краткий статистический очерк). Астрахань Типография губернского правления. 1891. 100 с.

Сборник законов, 1902 – *Сборник законов* о мусульманском Духовенстве в Таврическом и Оренбургском округах и магометанских учебных заведениях. Издание второе. Казань: Типо-литография Императорского университета, 1902. 53 с.

Sources

QR OMA – Qazaqstan Respublikasynyñ Ortalyq memlekettik arhivı [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]

TR MA – Tatarstan Respublikasynyñ memlekettik arhivıSA RT [State Archive of the Republic of Tatarstan]

References

Kazansky, 1898 – *Kazansky.N.I.* Narodnoe obrazovanie Astrahanskoi gubernii [Public education in Astrakhan Governorate]. *Russkaya Mysl.* 1898. Кн. VI–X. 33–107 pp. [in Russ.]

Alektorov, 1904 – *Alektorov A.* Oчерki iz istorii razvitiya inorodcheskogo obrazovaniya. [Essays from the history of the development of foreign education]. *Journal of the Ministry of Public Education.* Part of CCCLIV. 1904. July St. Petersburg: The Senate tipografiya, 1904. Pp. 27–46. [in Russ.]

Voskresensky, 2001 – *Voskresensky A.* Skol'nii al'bom Bukeevskoi Ordy [School album of the Bukeev Horde]. The Bukeev Horde is 200 years old. Edition of 6 books. Book 3. Almaty: The publishing house "Olke", 2001. 204 p. Pp. 164–202. [in Russ.]

Ivanov, 2001 – *Ivanov I.S.* Vnutrennyaya Kirgizskaya Orda (Kratkii statisticheskii ocherk) [The Inner Kyrgyz Horde (A brief statistical sketch)]. The Bukeev Horde is 200 years old. Edition of 6 books. Book 2. Almaty: The publishing house "Olke", 2001. 232 p. Pp. 141–230. [in Russ.]

Plenkin, 1912 – *Plenkin F.I.* Nachal'noe narodnoe obrazovanie vo vnutrennei Kirgizskoi ordi (1910–1912 гг) s 35 diagrammami [Primary public education in the inner Kirghiz Horde (1910–1912) with 35 diagrams]. Astrakhan: Electro-printing house of Ya.Medkovna. 151 p. [in Russ.]

Tazhibayev, 1962 – *Tazhibayev T.T.* Prosvesheniye I shkoly Kazakhstana vo vtoroi polovine XIX veka [Enlightenment and schools of Kazakhstan in the second half of the 19th century]. Alma Ata: Kazgosizdat, 1962. 506 p. [in Russ.]

Aitmukhametov, 2000 – *Aitmukhametov A.N.* O shkolakh v Bukeevskoi Orde [About Kazakh schools in the Bukeevskaya Horde]. *Bulletin of the Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov.* 2000. № 1. According to S.N. Pp. 146–150 [in Russ.]

Shotanova, 2020 – *Shotanova G.A., Uzhkenov E.M., Vermekbaev A.A.* Materialy Petrovskogo obshestva o razvitii narodnogo obrazovaniya v Bukeevskoi [Materials of the Petrovsky Society on the development of public education in Bukeevskaya]. *Edu.e.-history.* 2020. № 3(23). According to S.N. Pp. 276–290 [in Russ.]

Zhurasova, 2022 – *Zhurasova A.Sh., Mutalova D.S.* Bokei Ordasindagi bilim beru isinin tarihinan [From the history of education in the Bokei Horde]. *Vestnik KazNU. Historical series.* Vol. 105. № 2 (2022). Pp. 117–126 [in Russ.]

History, 2002 – *The history of the Bukeev Khanate (1801-1852).* Sbornik dokumentov I materialov [Collection of documents and materials] Compiled by B.T. Zhanaev, V.I. Inochkin, S.H. Sagnaeva. Almaty: Dyke Press, 2002. 1120 p. [in Russ.]

National, 1903 – *Narodniye uchilisha Kavkaza, Sibiri, Stepnogo kraya, Turkestana, Arhangel'skoi, Astrahanskoi i Orenburgskoi gubernii. Donskoi oblasti I kazach'ikh voisk. Sistemacheskii svod zakonov, rasporyazhenii, pravil, instrukcii, programm I spravochnikh svedenii.* Sostavlenn G.Fal'borkom I V. Chernolutskim [National schools of the Caucasus, Siberia, Steppe region, Turkestan, Arkhangelsk, Astrakhan and Orenburg provinces. Don region and Cossack troops. A systematic set of laws, regulations, rules, instructions, programs, and background information]. Compiled by G. Falbork and V. Chernolutsky. St. Petersburg: Tipo-Lithography by B.M. Wolf, 1903. 100 p. [in Russ.]

Inner, 1891 – *Vnutrennyaya Kirgizskaya orda (Kratkii statisticheskii ocherk)* [The Inner Kirghiz Horde (A brief statistical sketch)] Astrakhan Printing House of the provincial government. 1891. 100 p. [in Russ.]

Sbornik zakonov, 1902 – *Sbornik zakonov o musul'manskom Duhovenstve v Tavricheskom I Orenburgskom okrugakh I magometanskikh uchebnykh zavedeniyakh* [Collection of laws on Muslim Clergy in the Tauride and Orenburg districts and Mohammedan educational institutions]. Second edition. Kazan: Typo-lithography of the Imperial University, 1902. 53 p. [in Russ.]

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 1

Касымова Д.Б., Капаева А.Т., Кудайбергеноулы Б. О «ФЕОДАЛЬНО-БАЙСКИХ ПЕРЕЖИТКАХ» В КАЗАХСКОЙ ССР: ДИСКУРС, ПРАВО И ПРАКТИКИ.....	5
Козина В.В., Уалтаева А.С., Баймагамбетова А.А. СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ МОНОГОРОДОВ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	22
Мамраймов С. КЕҢЕСТІК АГРАРЛЫҚ САЯСАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН БАЙ-ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ ТӨРКІЛЕУ (1928–1933 жж.).....	40
Turgunbayev I.Ye., Moryakova M.T., Zhanatayeva K.B. VILLAGE INSTITUTES IN TÜRKIYE AS AN INSTRUMENT OF CULTURAL POLICY.....	54
Sissenbayeva A.A., Kalybekova M.Ch. THEORETICAL AND SOURCE BASE FOR THE STUDY OF HISTORY OF KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN CONCENTRATION CAMPS ON THE TERRITORY POLAND DURING THE WORLD WAR II.....	66
Жолдасұлы Т., Досым А.Б. ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ИСЛАМНАН ӨЗГЕ ДІНИ ҰЙЫМДАР: СОВЕТТІК КЕЗЕҢ ТӘЖІРИБЕСІ (1960–1980 ЖЖ.).....	77
Zhumatay G., Yskak A. TSARIST RUSSIA’S CIVILIZING MISSION AND POLICY OF CHRISTIANIZATION OF THE KAZAKHS IN THE SECOND HALF OF THE 19 th AND BEGINNING OF THE 20 th CENTURIES.....	91
Zholseitova M.A. SOCIO-POLITICAL TRANSFORMATION OF THE TURKIC-MUSLIM SOCIETY IN THE INTELLECTUAL HERITAGE OF THE ALASH MOVEMENT.....	107
Сабитов Ж.М., Каратаев А.А. О ПРОИСХОЖДЕНИИ И ИСТОРИИ ПЛЕМЕНИ АРГЫН.....	118
Бимақанова З.Ш., Мұқанова Г.Қ., Нұрғалиева Ф.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «КІШІ ҚАЗАН» ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ.....	132
Ахметова Г.М. ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА В XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА: ОТЕЧЕСТВЕННАЯ И ЗАРУБЕЖНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ.....	142

Ермаханова М.А., Абдразақова А.Ө., Айтуар Б.М. АҢЫЗ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ: ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ ТҮЛҒАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	161
Махамбетова Л.А., Мейрманова Г.А. У.Х. ШӨЛЕКЕНОВТИҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ.....	174
Байжанова А.Ә., Шашаев Ә.Қ., Әділбекова З.Ә. XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	185
Ошан Ж., Кенжеахмет Н., Қадылбек М. «ИМПЕРАТОР ГУАНСЮЙ БИЛГІ ТҰСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК-БАТЫС ШЕКАРА ДЕЛИМИТАЦИЯЛЫҚ КАРТАСЫНЫҢ ҚЫТАЙША АУДАРМАСЫНДА» КӨРСЕТІЛГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ШЕКАРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ТОПОНИМИКАЛАР.....	199
Zholdas A.K., Amirbek A.A., Kumganbayev Zh. K. THE ROLE OF HISTORY TEACHING IN FORMING THE KAZAKH INTELLIGENTSIA (1918–1927 YEARS).....	210
Саркенова К.А., Әбенова Б.С. БАТЫС СІБІР: ӘКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІНСІ, ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ (XVIII Ғ. СОҢЫ – XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	219
Mirzakulova R.M., Alpysbayeva N.K. SCHOLARS' PERSONAL FUNDS IN THE SCIENTIFIC ARCHIVE OF "GYLYM ORDASY" AS A PHENOMENON OF HISTORICAL MEMORY.....	234
Абдукадыров Н.М., Қалдыбаева С.С., Көбесова А.С. ОСМАН МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНДА ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (XIX Ғ. СОҢЫ – XX Ғ. БАСЫ).....	249
Ауанасова К.М., Ауанасова А.М., Бадиев А.М. ВКЛАД СЕРАЛИ ЛАПИНА В ПРАВОВОЙ МОДЕРНИЗМ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ (НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА ЗАПАДНОЙ И РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ).....	266
Akhmetova Zh.K., Abdrazakova A.U. THE KAZAKHSTANI VARIANT OF THE SOVIET NATION-BUILDING PROJECT IN THE CONTEXT OF IMPERIAL LEGACY AND SOCIALIST MODERNIZATION (1920–1940).....	276
Azretbergenova E.Zh., Baigarayev N.A. ISSUES OF CULTURAL POLICY AND NATIONAL IDENTITY IN THE PERIOD BETWEEN THE KAZAKH AUTONOMOUS SOVIET SOCIALIST REPUBLIC AND THE KAZAKH SOVIET SOCIALIST REPUBLIC.....	288

Дюсенова Н.К. ТҮРІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ.....	303
Есенаманова А.С., Қалыш А.Б., Исаева А.И. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КІЛЕМ ТОҚУ ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХНАМАСЫ: ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МУЗЕЙЛІК ТҮРҒЫДАН ШОЛУ.....	312
Сарсенбаев А.Б., Оспанов Е.Б. ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....	325
Турекеев К.Ж. НАРЕЧЕНИЕ ИМЕНИ У КАРАКАЛПАКОВ НАВОЙСКОЙ И САМАРКАНДСКОЙ ОБЛАСТЕЙ: ТРАДИЦИИ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ.....	333
Шамшетдинова Д.И. УСПЕХИ И НЕДОСТАТКИ РАЗВИТИЯ СФЕРЫ БЫТОВОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ КАРАКАЛПАКСТАНА В 1960–80-Е ГГ.....	343
Мұхатова О.Х., Қаипбаева А.Т., Саипова К.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	353
Қабдолдина К.Қ., Құндақбаева Ж.Б. ДІНИ ПАРЫЗ БЕН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПТЕР АРАСЫНДА: XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗЫЛЫҚҚА САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ.....	367
Қалишабаев А.Ж., Елеуов М.Е. Т.Н. СЕНИГОВА: БАТЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ (1950–1970 ЖЫЛДАР).....	378
Кенжебаев Ф.Қ. Сайфулмаликова С.С. БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ: ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫНА ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	387
Темирханова А.С., Альбина Абеновна Максүтова А.М., Исакаева А.М. ҚАСЫМ ЕРТІСБАЕВ ТҮЛҒАСЫ XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР КОНТЕКСІНДЕ.....	400
Мухамадеева И.А., Кенжебек Д.К., Жаксыбаева А.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА «КАЗАХ» (1913–1918 ГГ.) КАК ОДИН ИЗ ИСТОЧНИКОВ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ.....	410

Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru
